

Қараағаш бастауыш мектебінің қамқоршылық кеңес  
отырысына хаттама №1 (көшірмесі)

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі

2.10.2018 жыл

5 қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.2018-2019 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру;
- 2.«Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы;
- 3.Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;
- 4.Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне 2017-2018 оқу жылында 2 сынып оқушыларының жанартылған білім мазмұнына сай бес күндік аптаны енгізуін жүзеге асыруға бағытталған іс-шарамен таныстыру;
- 5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық қағидаларын бекіту туралы №179 бұйрығы негізінде енуін талқылау;

Тыңдалды:

- Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе бойынша** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исмағали Бекетаев Қамқоршылық кеңес мүшелері 8 адамнан құралады деп, оларды атап өтті. Аман Бейсетай - хатшы, Кеңес мүшелері Халилин Ерден, Шотова Жақанай (кәсіпкер), Шотова Роза (кәсіпкер) Г.Қойшыбаев (Жаңаарқа орман шаруашылығының басшысы) Райымбаев Құрман (Жеке шаруашылық қожалығының басшысы) Түсіпов Санат (Қараағаш өріс қауіпсіздігінің басшысы) Сондай - ақ Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі - мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі - бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі, - деп сөзін аяқтады.

- **Екінші мәселе бойынша**, бастауыш сынып мұғалімі Аманқұл Балмағамбетов өзі сөзінде «Қараағаш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 01.08.2018 жылғы «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы №2 хатына сәйкес Ақ қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға және оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік сабақтар бойынша балалардан мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың I тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізіледі. Билетті жылы және әлеуметтік бағыттағы «Менің тандауым - балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өткізілетін. Ұлы ауқымды іс-шараға бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру, ауылдылықтың қоғамдағы жағдайы туралы хаттар түрінде бұрындар құрылып, шаруашылық қожалықтар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы ұндасу шығарылып, тартатынандығы туралы айтылды.

- Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе бойынша** шынғы орталық тәрбиешісі Гулжанат Ақтасова, және оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік сабақтар бойынша балалардан мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында реба жүргізіледі. Екі бірінші жартылай жетім, екі қамтылған қобалалы отбасыларға барып, қай балалар мен мұқтаж ақпаратты бергеннен, оларға көмек


басқа да үйлері араладық. Барлығына оқу құралдары, мектеп формасы, спорттық киімдері мен аяқ киімдері керектігі анықталды.


- **Төртінші мәселе бойынша**, мектеп меңгерушісі Қымбат Алымжанбетова «2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасынан жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы сөз қозғайды. Биылғы жаңа оқу жылындағы республика бойынша 2 сынып оқушыларының жаңартылған білім мазмұнына сәйкес бес күндік оқу жүйесін артта енгізуін және көшкендігін атап айтты. Аталған сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер А.Б.Балмағанбетова және К.Ж.Алымжанбетова жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Орлеу» біліктіліктерін арттыру институтында курстан өткендігін баяндады. Ендігі кезекте бес күндік оқу аптасы туралы шешімді мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелерімен ата-аналар қоғамдық кеңес мүшелерімен келісе отырып қабылдайтынын айтты. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнына жылдам серпінге беріп, өзгерісті қажет ететінін айтып өтті.

- Күн тәртібіндегі **бесінші мәселе бойынша** бастауыш сынып мұғалімі Маусымжан Айтжанова Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Білім беру объектілеріне қойылатын талаптар санитарлық – эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы №179 бұйрығы негізінде өзгерістер енгізілгендігін, сонымен қатар 127 – бабының тұжырымзанып өзгертілгендігін ерекше айтып өтті. 2018-2019 оқу жылынан бастап барлық білім ұйымдары 5 күндік оқу аптасына көшеді. Сабақтың ұзақтығы 40 минуттан болатынын түсіндірді.

#### **Шешімі:**

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, жандандырылсын;
2. «Мектепке жол» акциясы қарсаңында аз қамтылған, жартылай жетім және қонбалалы отбасынан шыққа оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілермен жақын қарым – қатынас орнатылсын;
3. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жұмысы жандандырылсын;
4. Мектепте 2018-2019 жаңа оқу жылында 2 сынып оқушыларының жаңартылған білім мазмұнына енгізуін жүзеге асырылатын, осыған бағытталған іс-шаралар ата-ана қолдауымен орындалсын;
5. Сабақтың басталуы 8.15-те 1 ауысым оқушыларына арналып, ұзақтығы 40 минут сабақ аралындағы үзіліс 5 минут және 2-4 сабақтардан кейін 15 минуттан болып бекітілсін. «Білім беру объектілеріне қойылатын талаптар санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы №179 бұйрығы негізінде өзгерістер енгізілсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  И. Бекетаев

Хатшы:  Алин Б.

Мүшелері:  Райымбаев К.К.

